ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 18 қараша іс № 5501-24-00-2/3426 Павлодар қаласы

Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Сләм, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот Сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын

ЖАУАПКЕР:
Абдуллаева Милана Кульагаевна «Абдуллаева» жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы.

ҚАРАР БӨЛІМІ:
АПК-нің 109, 267-2, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот Сараптамалары орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Абдуллаева Милана Кульагаевна «Абдуллаева» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы арызы қанағаттандырылсын.

Абдуллаева Милана Кульагаевна «Абдуллаева» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Абдуллаева Милана Кульагаевна «Абдуллаева» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне мемлекеттік баж 1846 (бір мың жеті сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешіміне, шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа, шешімнің күшін жою туралы талап арызбен жүгінуге құқылы. Талап арыз сотқа, егер жауапкер талап арыздың сотқа келіп түскені мен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы жеткілікті

дәрежеде хабарланбаған және талап арызға өз пікірін білдіре алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы беріледі.

Судья **А. Сләм**

Құжатқа қол қойылған: Сләм А. С., 18.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.12.2024, судья Сләм А. С., 31.12.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

5501-24-3-1/3710